

Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «ІТ мектеп-лицей»КММ

Топ: Мектепалды даярлық 0 «А»

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 30.01 – 03.02. 2022-2023 оқу жылы

(апта күндерін, айды, жылды көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 30.01	Сейсенбі 31.01	Сәрсенбі 01.02	Бейсенбі 02.02	Жұма 03.02
Балаларды қабылдау	Балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату. Балаларға қолайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгіме, баланың жеке пікірін білдіруіне қосыла отырып, оны не қызықтыратыны туралы. Денсаулық мәселелері бойынша ата-аналармен әңгімелесу; консультациялар.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен денсаулық мәселелері, балаға үйде күтім жасау, білім алу, даму және жетістіктер туралы әңгімелесу, кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (роботехника құралдары, шашка). Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, Табиғат бұрышындағы еңбек (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) Заттық-кеңістіктік дамытушы ортамен жеке жұмыс				
	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын әрекеті(үстел үсті ойындары пазлдар, домино және т.б.); Үстел үсті ойындары: Сәйкестендіру ойыны: «Кім болғым келеді?» Мақсаты:Түрлі мамандық иелерінің еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: әр түрлі мамандық иелерінің суреттерін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген карточкалар болады. Тәрбиеші осы бейнеленген карточкаларды сәйкестендіріп, өз мамандық	Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Үстел үсті ойындары: Ойын жаттығу: «Қарындаштардан құрастыру» Мақсаты: Балалардың заттың кеңістікте орналастыру(жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ) арқылы ойлау қабілетін дамыту. Түстерді анықтай алуды үйрету. Әдістемелік нұсқаулар: Ойынның шарты: карточкадағы берілген схема бойынша сәйкес түсті қарындаштармен	Дене шынықтыру - коммуникативтік, ойын әрекеттері, қимыл белсенділігі(іс әрекет арқылы қимылды ойын) Ойын: «Апта күндері» Мақсаты: Апта күндерді есте сақтау. Апта күндерін рет-ретімен айта білуге дағдыландыру. Әдістемелік нұсқаулар: Тәрбиеші балалардың мынаған келісіп алуын өтінеді. Бір таңба бар тәж аптаның бірінші күні дүйсенбі, екі таңба бар тәж аптаның екінші күні сейсенбі және т.б. білдіреді. Балалар апта күндерінің атын хормен	Көркем әдебиет - коммуникативтік, ойын әрекеті Мозайка үстел үсті ойындары: «Бұл кімнің баласы, төлі?» Мақсаты: Балаларды үй жануарлары мен жабайы жануарларды салыстыруға үйрету, көру қабілетін, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту. Ойынға қатысушыларға "кімнің текшесі"қағидасы бойынша дұрыс жауапты таңдау ұсынылады. Есте сақтау, ойлау, зейінді дамыту. қызығушылықты арттыру. Әдістемелік нұсқаулар:	Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, коммуникативтік әрекет Үстел үсті театр ойыны : Ойын жаттығу: «Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру.


иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді. Мысалы: тігіншіге – ине, мұғалімге – кітап, т.б.

Ықтимал күрделендіру: Балалардан болашақта қандай мамандық иесі болғылары келетінін сұрау.

Ойынның нұқсаулары: Мамандық иелерін анықтағаннан соң, әрбір мамандық иелеріне қажетті еңбек құралдарын, ол еңбек құралдары не үшін қажет екендігін, олардың маңыздылығын айту, көрсетіп түсіндіру.



суретті құрастырады. Балалар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс жасауға болады.



қайталайды. Тәрбиеші 7 баланы шақырып оларға тәждерді таратып береді. Шақырылған балалардың әрқайсысы тәжбен таңбаның санына қарап: “Сабыр – сәрсенбі”, “Мен – жұмамын” және т.с.с. дейді.

Ықтимал күрделендіру: Тәрбиеші аптаның кез-келген күнінің атын дауыстап атайды. Білетін бала алдына шығып тұрады. “Апта күндері, сапқа тұрындар” деген бұйрық берілісімен, басқа балалар оның қатарына дұрыс ретпен сапқа тұруы тиіс.

Ойынның нұқсаулары: Тәрбиешінің белгісі бойынша жұмысты бастау.

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10




балаларға жабайы жануарлар мен үй жануарларының суреттері беріледі

* Біз жұптарды жинаймыз (ана-бала)
* Біз 2 топқа сұрыптаймыз — ересектер мен кішкентайлар
* 2 санат бойынша сұрыптаймыз — жабайы жануарлар мен Үй жануарлары
* Біз дыбысты болжаймыз және жануарлар жасаған дыбыстарды қайталаймыз (ономатопея)

Ойын барысында болатын қиындықтар: 1. Біз назар аударамыз-біз "естелікте" ойнаймыз (біз бірнеше карталарды орналастырамыз, мұқият қарастырамыз, айналдырамыз және үстелде қандай карталар жатқанын еске түсіреміз), "кім келді/кетті" 2. Мұғалім балалардың алдында жануарлар мен олардың балаларын ойлап тапқан суреттерді үстелге қояды.

Күшік ненің баласы?



			 	
--	--	--	--	--

Ұйымдастырылған
іс-әрекетке дайындық

Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекет

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттері мен уақыты

ҰІӨ		30.01.23 Дүйсенбі	31.01.23 Сейсенбі	01.02.23 Сәрсенбі	02.02.23 Бейсенбі	03.02.23 Жұма
		Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен танысу Мүсіндеу	Математика негіздері Көркем әдебиет Сауат ашу негіздері Дене шынықтыру	Математика негіздері Сөйлеуді дамыту Қазақ тілі Музыка	Сауат ашу негіздері Көркем әдебиет Қоршаған ортамен танысу

			Музыка			Дене шынықтыру
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер						
1-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті						
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Заттың бірнеше тең бөліктері. ҮІӨ мақсаты: Затты бірнеше тең бөлікке бөлуге үйрету, осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыру; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; белгілі бір бағытта үзік сызықтармен сызуды және бояуды үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік». Дағды: Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; Түсінеді: затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын; Қолданады: бөліктерден пішін құрастыруды; Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді. Балалар дөңгелек жасау	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік, таным-дық әрекет Тақырыбы: Дыбыстық талдау ҮІӨ мақсаты: Дауыссыз, дауысты дыбыстарды ажыратуға жаттығулар жасатуға жаттықтыру. Дағды: Буынға бөлгізу арқылы, буынға бөлуді меңгертуді жалғастыру арқылы ауызекі сөйлеулеу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: дыбыстық талдау жасайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: буындардың дыбыстардан тұратынын түсінеді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Дыбысты балға» дидактикалық жаттығуы. Мен сендерге қатаң дауыссыз, ұяң дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздер айтамын, сендер қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, партаны бір рет жұдырықтарыңмен ұрасыңдар, ал ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын сөз естісеңдер, бір рет шапалақ ұрасыңдар. Мысалы: <i>парта, ферма,</i>	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. ҮІӨ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады.	1.Математика негіздері– танымдық,ойын әрекеттері Тақырыбы: Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару. ҮІӨ мақсаты: Көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау. Дағды: Талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу тілін, қолдың ұсақ моторика дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтижелер: Менгереді: арапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; Түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; Қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Үлестірмелі материалмен жұмыс. Практикалық жұмыс ұсынылады.	1. Сауат ашу негіздері– коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Сөйлем сызбасы . ҮІӨ мақсаты: Сөйлем сызба туралы түсіндіру. Сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету. Дағды: Сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлем сызбасын анықтайды, сызады. Түсінеді: сөз дыбыстан, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді. Қолданады: сөйлем құрады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Жоғалған дыбысты тап» дидактикалық ойыны –Мен сендерге суреттерді көрсетіп бір дыбысы жоғалған сөз айтамын, сендер сол жоғалған дыбысты орнына қойып қайта айтасыңдар. Мысалы: <i>көгерші... (н), балмұзда... (қ), домбыр... (а),</i>	

	үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Түсіну: Қарбыз қандай бөліктерге бөлінген? (тең) -Олардың саны қанша? (екі бөлік) -Қарбыздың бір бөлігін қалай атауға болады? (жарты) -Алманы қандай бөліктерге бөлген?(тең) -Олардың саны қанша? (төрт бөлік) -Алманың бір бөлігін қалай атауға болады? (төрттен бір) -Шоколад қандай бөліктерге бөлінген? (тең) -Олардың саны қанша? (үш бөлік) -Шоколадтың бір бөлігін қалай атауға болады? (үштен бір)	<i>бидон, вагон, кітап, Камият, гүл, ғалым, қайшы, табақ, доп, тарақ, сағат, жұлдыз, зәкір, хат.</i> Білу: Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?» – Балалар, алдарыңа көк түсті төртбұрыш, үшбұрыш, көк, сары және қызыл дөңгелектерді алыңдар. Мен сендерге қатаң дауыссыз дыбысты айтсам, көк төртбұрышты, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, көк үшбұрышты, ұяң дауыссыз дыбысты айтсам, көк жуан дауысты дыбысты айтсам сары, жіңішке дауысты дыбысты айтсам, қызыл дөңгелекті көтересіңдер. Мысалы: «а-, -й-, -ц-, -у-, -к-, -е-, -н-, -г-, -ш-, -щ-, -з-, -х-, -ф-, -ы-, -в-, -а-, -п-, -р-, -о-, -л-, -д-, -ж-, -э-, -я-, -ч-, -с-, -м-, -и-, -т-, -б-, -ю т.б.» Қолдану: «Не артық?» дидактикалық ойыны Бір топқа жататын сөздерді тез-тез бір бөгде сөзді қоса айтамын. Балалар сол артық сөзді табуы керек. Мысалы: нан, шай, май, тай – ...(<i>тай</i>) Қызыл, жасыл, ақ, тақ, көк – ... (<i>тақ</i>) Алма, шие, бөрік, өрік – ... (<i>бөрік</i>) Екі, үш, төрт, бес, кес – ... (<i>кес</i>)	Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді.	Алдарыңа 5 дөңгелек қойыңдар. Үш дөңгелекті алып тастаңдар. Неше дөңгелек қалды? Жұптық жұмыс. Педагогті мұқият тыңдап, есептерді шығарады. Педагогтің нұсқауы бойынша фигураларды шығарады, қалғанын санайды, өздерінің іс- қимылдарын түсіндіреді. Түсіну: Демонстрациялық материалмен жұмыс Педагог 15-кестедегі суретті көрсетеді. Балалар демонстрациялық материалдың 21-кестедегі цифры бар карточканы көрсетеді.	<i>қасқы...(р), шыри...(а), банк...(а), шеле...(к), арб...(а), сегі...(з), уылдыры...(қ), күнбағы...(с), монш...(а), кіта...(н), журна...(л), үсте...(л), орынды...(қ), баспалда...(қ), мекте...(н).</i> Қолдану: «Сөйлемді толықтыр» дидактикалық ойыны Ойын шарты: балалар педагогтің бастаған сөйлемін өз ойларымен жалғастыру керек. Бәрін жасап қоятын (ол кім?) – (пысық). Тыпшанның жауы – (мысық). Әжем иірді – (ұршық). Шәуілдеп үрді – (күшік). Ең қу аң – (түлкі). Үсті ине – (кірпі). Қол жуғышта ілулі – (сүлгі). Білу: «Әтеш» сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар. Ә – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Т – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз, Е – жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түспен белгілейміз. Ш – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.
--	--	---	--	--	--

І үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын , қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Сюжетті - рөлді ойын: арналған ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Басты мақсат: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділік дағдыларын қалыптастыру.

Еліктеу ойындары: «Кім жақсы айтады»

P-n-n-ppp



Сюжетті - рөлді ойын: «Кім үздік жүргінші?»

Мақсаты: Жол жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның берген белгісі, жүргінші жол) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: 1,2,3,4,5,6 сандармен текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы:

Бірінші жүргінші №1 үйден, екінші №2 үйден шығады. Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді, және қайтадан лақтырады. Сонымен бір түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөнгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді. Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек. Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөнгелектерге жылжытуға болады. Төртінші суретте мотоциклшы. Оны тоқтап, өткізу керек. Алтыншы суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады. Жетінші суретте реттеуші онымен қауіпсіз, бірден әженің үйіне баруға болады. Кім жол ережесін бұзбай әжесіне келсе сол жеңіске жетеді.

2-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

	2.Сөйлеуді дамыту-танымдық,коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Кім ақылды?(М.Төрежанов). (әңгіме) ҮІӨ мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру. Сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту. Дағды: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру.	2.Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Алақай, көктем келді! ҮІӨ мақсаты: Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. Дағды: Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретіндеп атап көрсетеді. Түсінеді: тірі ағзалардың күнге	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әже(өленді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлендегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлендегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.	2.Сөйлеуді дамыту-коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы. ҮІӨ мақсаты: Дағды: Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыта отырып дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді; Түсінеді:әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен	2. Көркем әдебиет-коммуникативтік,ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Әже(өленді жаттау)Әбубәкір Қайранов ҮІӨ мақсаты: Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін бекіту. Өлендегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Өлендегі қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру. Дағды: Өлең мазмұнындағы бейнелеуіш сөздерді қолдану, өзара сыйластық қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
--	---	--	---	---	---

	Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерді буынға бөледі, сұрақтарға тиянақты жауап береді; Түсінеді: әңгіме мазмұнын түсінеді, достарымен бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіп алмауды; Қолданады: буынға буын жалғап сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Түсіну: «Ақыл азбайды, білім тозбайды» Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап, тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір–	тәуелділігін түсінеді. Қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады. Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін жерлерін тауып, үзінді оқу (күн, көбелектер, жаз, қыс). Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шеңберлер, сәуле). Пайдалан – балалар күнді, күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет. Қолдану: «Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады. П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды? Б: Аспанда күн болған жоқ. П: Кейін күн қайда кетеді? Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді.	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Есіңе сақта: «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен.	бірігіп ойнаған кезде оларды ренжітіп алмауды; Қолданады: буынға буын жалғап сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Түсіну: «Ақыл азбайды, білім тозбайды» Қолдану: Дидактикалық ойыны: «Ойлап, тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір–	Күтілетін нәтижелер: Жасайды: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; Түсінеді: әженің қамқорлығын, мейірімділігін, тәрбиесін түсінеді; Қолданады: әңгімелесу барысында әже туралы айтып береді, өлеңді мәнерлеп жатқа айтады. Әже туралы сөздерді есіне сақтайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Есіңе сақта: «Асыл әжем, қуанышым берекем, Өнегенің өрісі де сен екен». Түсіну: Сөздік жұмыс: <i>Кимешек, жаулық</i> – әжелер киетін баскиім. Білу: -Әже қандай адам? -Өлең кімге арналған? -Сен әжеңе қандай сөздер арнар едің? Әжелер – өте мейірімді, балаларға, немерелеріне ертегі оқып береді. Немерелері әжесіне тақпақ, өлең айтып береді. Әжелер кимешек, жаулық киеді. Кимешегін, жаулығын Теңеп аппақ гүлге мен. Әжемнің денсаулығын Тілеп жүрем күнде мен.
--	---	---	--	--	--

2 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Балалардың қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперимент, еңбек, балалардың дербес әрекеті, өзіне-өзі қызмет ету) түрінде іске асырылады.

Балалардың дербес іс-әрекетіне дағдыландыру ойындары

Басты мақсат: қарым-қатынас дағдыларын дамыту, құрдастарымен ортақ тіл табыса білуге үйрету.

Артикуляциялық жаттығулар:

Балықтар

Кіп-кішкентай балықтар өзенде жүзеді,
Үп-үлкен ағаш жағада жатты,
Балық: «Мына жерде сүңгу оңай»- деп
Екіншісі «Жоқ, бұл жер терең»- деді,
Ал үшіншісі «Менің ұйқым келіп тұр»- деп,
Ал төртіншісі тоңа бастады,
Ал бесіншісі «Мында қолтырауын»- деп
айғайлады,
-Жүзіндер мына жерден,
Әйтпесе жұтып қояды!



«Тіс щеткасымен ойын» жаттығу.

Ойын шарты: Балаларға тіс щеткалары таратылады. Щеткаларды бір-бірден алып саусақ ұштарына қойып, үйкелеп массаж жасайды. Бұл ойын балалардың миын дамытады, тілдерін дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырады.





Ойын: «Жоғарыда–төменде, биік-аласа»

Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру

Жасы: 5-6 жас аралығы

Қажетті заттар: Көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстар түрлері, балық түрлері, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

Ойын барысы: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-су ішінде жүзеді, - деп сипаттап айту керек.



3-ші ұйымдастырылған іс-әрекеті

	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Асханада ҮІӨ мақсаты: Білім-дағдыларын бекіту; өткен сөздерді қайталау, бекіту; тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Диалогке қатысуға үйрету. Дағды: Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тағам атауларын біледі, сөздерді анық дұрыс айтады, диалог құрастырады. Түсінеді: тақпақтағы сөздерді түсінеді. Қолданады: сұрақтарға жауап береді, сөйлем құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Өзің пісірген ас дәмді». Дуылдасты балалар, Шуылдасты балалар, Өздерінше ойнайды, Өздерінше тойлайды. Шай әкелді біреуі, Май әкелді біреуі, Сүт әкелді біреуі, Ет әкелді біреуі. Бірі күріш әкелді, Бірі бұрыш әкелді,	3.Құрастыру– шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті Тақырыбы : Көліктер. ҮІӨ мақсаты: Құрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторлармен жұмыс жасай білуге үйрету, берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу, оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Дағды: Құрылыс материалдарымен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту, жұмыс жасауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады. Түсінеді: бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастырады, олардың бөлшектерін берік орнатады және бөліктерінің аттарын атай алады. Қолданады: «Лего» конструкторлардың пішініне, көлеміне қарай таңдай отырып одан әртүрлі көліктер құрастырады,	3. Сауат ашу негіздері- коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Сөйлем ҮІӨ мақсаты: Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сөйлем ұғымымен таныстыру, екі-үш сөзден тұратын сөйлем құратып, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып үйрету. Дағды: Берілген буынға сөз құрау және антоним сөздерді айта алу дағдыларын бекіту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөйлемді дұрыс құрайды. Түсінеді: қарама-қарсы сөздерді, сөйлем нені білдіретінін түсінеді. Қолданады: берілген буындарды қолданып сөз құрайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны. Суреттер көрсетемін (көбелек, көлік, тарақ, кітап, қоян т.б.). Балалар суретке байланысты 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрайды. Сөйлемдегі бірінші, екінші, үшінші сөздерді ретімен атауға тапсырма береді. Түсіну: «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы <i>Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға жұлдызша беріп отырады.</i> -табуынынан басталатын сөздер ойландар. <i>Тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, таңқы, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б.</i> -ба буынынан басталатын сөздер	3. Қазақ тілі - коммуникативтік әрекет Тақырыбы: Әжемнің базарлығы. ҮІӨ мақсаты: Ұлттық тағам түрлерімен таныстыру; сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Дағды: Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жаңа сөздерін қайталайды, сөйлемдер құрастырады. Түсінеді: әр ұлттың ұлттық тағамдары болатынын түсінеді. Қолданады: тағамдар ішінен ұлттық тағамдарды айыра біледі, сұрақтарға жауап береді. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: Дидактикалық ойын: «Ғажайып қоржын». Суреттермен жұмыс. -Мынау – бауырсақ. -Мынау не? -Мынау – бауырсақ (балалар жеке, хормен, жай, жылдам айтады). –Бауырсақтың дәмі қандай? Сақ-сақ – дәмді бауырсақ. Сақ-сақ – жеймін бауырсақ. Қолдану: Дыбыстық	3. Қоршаған ортамен танысу коммуникативтік, ойын, қимыл белсенділігі Тақырыбы: Алақай, көктем келді! ҮІӨ мақсаты: Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. Дағды: Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. Күтілетін нәтижелер: Жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретінде атап көрсетеді. Түсінеді: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді. Қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Түсіну: «Текше» техникасын пайдалана отырып, «Күн» тақырыбында салыстыру, ұқсас заттарды табу, сараптау, пайдалану, пікірін дәлелдеуді ұсынады. Тәрбиеленушілер текшені лақтырып, оның қай бүйірімен түскенін және не «айтып» тұрғанын табады: Сипатта – балалар күнге тән белгілерді мейлінше көбірек атап беруі тиіс. Салыстыр – балалар күн мен шамның (лампочка) арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтауы тиіс. Ұқсас заттарды тап – тақпақтың үстел үстіндегі картинаға сәйкес келетін
--	---	--	---	---	---

	Бірі алма әкелді, Бірі нан да әкелді. Бірі сүртпін табақты Бірі құйды тамақты. Дөңгелене отырып, Тостағанды толтырып, Палауларын жеді де, «Қандай тәтті», – деді олар. Қолдану: Ойын «Асханада». Асхана туралы түсініктеме береді: Асханада аспаз жұмыс істейді. Аспаз тамақ пісіреді. Асханада адамдар тамақ ішеді. Білу: Жаңылпаш жаттау Ас аспай бас аспаз, Ас асты жас аспаз.	оларды сөзбен сипаттап айтып береді, оларды құру кезеңдерін жоспарлай алады. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: «Фото суреттер сөйлейді» Көлік түрлерінің суреттерін және фото суреттерді қарап, олардың жеке бөліктеріне назар аударады. Осыдан кейін балаларға ұшақтың, мәшиненің, қайықтың, мотоциклдің үлгілерін қарап көруді ұсынады.	ойландар. <i>Балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақбақ, бақыр, Бағжан, байғазы, байлық, базар, Базаргүл, балиық т.б.</i> -са буынынан басталатын сөздер ойландар. <i>Сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық, сауыншы, сатушы, сауап, сауықшыл, сан т.б.</i> Ойын соңында жұлдызша ең көп бала жеңімпаз болады.	жаттығу. Қ-қ-қ-қ – қққымыз - қымыз Қ-қ-қ-қ – құрт - құрт Түсіну: «Сикырлы қаламмен» жұмыс: Тағамдар Ойын: «Дұрыс ата». Тағамдарды атайды, қаламмен тексереді.	жерлерін тауып, үзінді оқу (күн, көбелектер, жаз, қыс). Талда – күннің құрамдас бөліктерін атап көрсету керек (шенберлер, сәуле). Пайдалан – балалар күнді, күннің жылуын қалай пайдалану керектігін айтып береді. Дәлелде – күннің жақсы жақтары мен жаман жақтарын дәлелдеу қажет. Қолдану: «Ертерек-кейінірек» ойынына қатысуға шақырады: педагог белгілі бір жағдай туралы айтады, ал балалар оған дейін немесе одан кейін не болғанын айтады. П: Таңертең күн шықты. Оған дейін не болды? Б: Аспанда күн болған жоқ. П: Кейін күн қайда кетеді? Б: Күн ұясына батады, оның орнына түн келеді.
--	--	--	---	--	--

3 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Іс – әрекет арқылы ұсақ саусақ моторикасын дамыту және мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту.

Дидактикалық ойын: «Кім болғым келеді?» Мақсаты: Мамандықтар туралы білімдерін толықтыру. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру арқылы зейіндерін дамыту. Олар қандай заттармен қолданатыны жайлы түсінік беру. Ойынның шарты: Тәрбиеші картиналарды көрсете отырып, былай деп сұрайды, «Дәрігер не істейді? Жүргізуші не істейді? Мұғалім не істейді? Тігінші не істейді?» Балалар қай мамандық иесі екенін қандай құралдармен жұмыс істейтін жайлы айтады. Ықтимал күрделендіру: тез ойла Ойынның нұсқаулары: Балаларға мамандық иелерінің суреттері таратылып беріледі.	Сюжетті – рөлдік ойын. Тақырыбы: «Дәмхана. Макдоналдс. Пиццерия» Мақсаты: Азық-түлікпен жұмыс істейтін жұмыскерлердің еңбегі жайында түсініктерін молайту. Балаларға рөлдерге бөлініп, сол рөл бойынша әрекет етуге үйрету, өздеріне керекті нәрсені құруға үйретіп, балалардың мейрімділік қарым-қатынасын орнату. Балаларға ойында қоршаған ортадан алған білімдерін көрсете білуге үйрету. Жағдаят: Үстелді таңдау; Ас мәзірімен танысу; Тапсырысты қабылдау; Тапсырысты орындау; Менеджермен жұмыс (шағым, алғыстар);	Сюжеттік ойын. Тақырыбы: «Азық - түлік дүкені» Мақсаты: Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайыгершілікке, ізгілікке, адалдыққа баулу. Қажетті атрибуттар: ойыншықтар, ыдыс-аяқтар, папье-машеден жасалынған тағам түрлері, ақ халат, қалпақ, есеп шот, қағаздан жасалған дөңгелектер. Ойын шарты: Бұл ойынды әуелі жеке-жеке ойнатып, әбден жаттыққаннан кейін үш дүкенді қатар ашып ойынды күрделендіру. Балаларды рөлдерге бөлу: 2 бала сатушы, 1 бала кассир, қалғандары тұтынушылар. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіреді. Ереже бойынша сатушылар да, тұтынушылар да бір-бірімен сыпайы сөйлеседі. Бір затты сатып алған соң, рахмет айтуды ұмытпауы керек. Сатушыда өз кезегінде «Тағы да келіп тұрыңыз», - деп ілтипат білдіреді.
--	---	--



Тапсырысқа төлеу;
Үстелді жинап, ыдыс аяқ жуу.



Бірінші ойыншық дүкенін ұйымдастыру. Ойыншық сәресінің жанына үстел қойылып сәреде «Дүкен» деген жазу ілулі тұрады. Кассирдің алдында есепшот, ақша салатын қорап, ақ қағаз, қарындаш. Ойыншық алғысы келген балалар ең әуелі кассирге ақшасын төлейді. Не алғысы келетінін айтады. Кассир чек жазып береді. Чекті алып сатушыға береді. Сатушы «тағы да келіп тұрыңыз» - дейді. Тәрбиеші ойынға жалпы басшылық жасайды.



4-ші ұйымдастырылған іс - әрекеті

4. Дене шынықтыру-қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Ұлы есімдер.
ҮІӨ мақсаты: Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.
Дағды: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын

4. Музыка-шығармашылық әрекет
Тақырыбы: Ана – өмір шырағы.
ҮІӨ мақсаты: Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету. Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.
Дағды: Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау. Сюжетті

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: Желаяқтар.
ҮІӨ мақсаты: Қатар-қатар қойылған таяқтардан екі аяқтап аттап секіруге жаттығу, екі аяқты бірдей жазып барып итерілу арқылы құламай түсу, қол мен аяқтың қимылын үйлестіруді дамыту.
Дағды: Заттарды тік нысанаға лақтыруды үйрене түсу, иықтан жоғары алға қарайшұғыл шығарып, қолды айналдыра сермеп лақтыру дағдыларын дамыту.
Күтілетін нәтиже:

4. Музыка-шығармашылық әрекет
Тақырыбы: Домбыра сазы.
ҮІӨ мақсаты: Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру. Домбыраның дыбысталуы бейнеленген пьесаларды әсерлі реңкі мен музыкалық мәнерлілік құралдарын белгілей отырып тыңдау.
Дағды: Балаларға арналған аспаптарда

4. Дене шынықтыру - ойын әрекеті, қимыл белсенділігі
Тақырыбы: «Батырлар» (айналмалы жаттығуларды қолдану).
ҮІӨ мақсаты: Жүгіріп келіп биіктікке секіруді дұрыс орындауға үйрету, екпін алып жүгірумен белгіленген орыннан итеріліп секіруді үйлестіруге үйрену.
Дағды: «Түзу қолмен төменнен» лақтыруды орындап жаттығу. Баяу жүгіру, жүгіру кезінде алған қарқынын жоғалтпауды, аяқты өкшеден басына қарай қоюды, иықты

	дамыту. Күтілетін нәтиже: Жасайды: тыныс алу жаттығуларын, допты тік нысанаға лақтыру, қолына доп ұстапденемен аунау. Түсіну: «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батырлар рөлі, «малдас құру», жүрелеп отыру, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тізеге тіреліп тұру, нысананың тура ортасына тигізу, таяқтардың арасына секіру, команданың жеңісіне ұмтылу. Қолданады: жүру, жүгіру кезінде арақашықтықты сақтай білу, сап түзеу, қайта сап түзеу, таяқтардан аттап секіру, бауырлап жүру. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Динамикалық жаттығу» Жүру, жүгіру кезінде спорттық жаттығулармен кезектестіріп, түрлі бастапқы қалыптарға тұрады: «малдас құру», отыру, отырып тірену, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тіземен тұру. 3 тізбекке сап түзеу. Түсіну: «Тыныс алу жаттығулары» Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарайқолдарын түсіргенде	ойындарды сахналауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Жасайды: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады. Түсінеді: әннің мазмұнын түсінеді. Қолданады: таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: <i>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</i> «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Түсіну: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді.	Жасайды: омыртқасының қисаюы мен жалпақтабанның алдын алуға негізделген жалпы дамыту жаттығуларын жасап, психоэмоциялық ширығуды, үрейді, қобалжуды басу. Түсінеді: Командада қимыл-іс әрекеттерін келісуді, фитболмен секіру кезінде еденнен шұғыл итеріліп, жартылай бүгілген аяғымен жұмсақ секіріп, қайта қону. Қолданады: бастапқы қалыпқа оралу, фитболды заттардың арасымен сырғыту, сап түзеу, қайта сап түзеу, заттардың арасымен жорғалауды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: «Дегелек» ойыны. Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкейтіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды. Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды Білу: «Дуал саламыз!» ойыны Шаңғымен оң жаққа, сол жаққа сүйем қадамдар жасап жүреді. «Мұқият бол!» ойыны Балалардың барлығы Педагогтің белгісіне мұқият қарап, сәйкес қимылдар жасайды. Жасыл жалау көтерілсе – жүреді, қызыл көтерілсе – шұғыл тоқтайды. Түсіну: Мимикалық жаттығулар Маңдайын жиырып, қабағын көтереді, босатады. 1 мин маңдайын жап-жазық етіп ұстауғатырысады. Қабағын түйіп (ашуланып), қасын босатады. Көздерін бақырайтып (қорқып), көздерінің үстін қайта босату	ойнаудың қарапайым дағдыларын игеру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды. Түсінеді: домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді. Қолданады: әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Білу: <i>Ән айту:</i> «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев). Елдің жырын жырлаған, Қайғысын да толғаған, Домбырасыз ешқашан Жүрекке ем қонбаған, – Қолдану: <i>Ойындар, хороводтар:</i> «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру. Түсіну: <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	босатып, қолды еркін қоюды қадағалай білу. Көлденең нысанаға асық лақтыру дағдаларын жалғастыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: жұппен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары мен «түзу қолмен төменнен» асық ату, арқаннан ұстап салбырап тұруды. Түсінеді: «батыр» ұғымы, Қазақстан тарихындағы батыр бабалардың рөлі, нысананың дәлортасына тигізу, жұптағы іс әрекетін үйлестіріп, жүгіру мен белгілеген жерден итеріліп, секіруді үйлестіруді. Қолданады: жүру мен жүгіруде қалыпты арақашықтықты сақтау, бастапқы қалыпқа келу, шеңбер бойымен өз бетімен тапсырмаларды орындау, сапқа тұру, қайта тұру, гимнастикалық қабырғамен әртүрлі тәсілмен өрмелеу дағдыларын. Ойлау деңгейі: білу, түсіну, қолдану. Қолдану: Тыныс алу жаттығулары Бастапқы қалып – еденге аяқты айқастырып отыру. Арқаны тік ұстап, қолдарын жоғары көтергенде терең тыныс алып, иіліп, алға қарай қолдарын түсіргенде дем шығару. Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарын еденге тигізіп, дем шығарады. Түсіну: «Аламан» қимыл-
--	--	--	--	---	---

	дем шығару. Бастапқы қалып – сол қалып. Қолдарын жоғары созып, терең тыныс алады. Төмен түсіргенде маңдайы мен қолдарынеденге тигізіп, дем шығарады. Білу: «Ұлы дала кереметі». Өздерін далада, ортада от жағып, отты айнала демалып отырған батырлардай сезінуді ұсыну. Жан-жақта шексіз дала, жайылып жүрген жылқылар, отта жанып жатқан құрғақ отыншытыр-шытыр етеді. Дала дыбыстарын мұқият тыңдау. (Көздерін жұмып елестетеді). Батырлар жайлы алдын ала әңгіме жүргізіледі.		(жалқаулану). Танауын керіп (бір иісті сезгендей демін ішіне тартып), демін сыртқа шығарып, босаңсу. Көздерін қысып, жұмып, қайта босаңсу. Көздерін сығырайту, қайта босаңсу.		қозғалыс ойыны. Бір-бірден тізбекке тұрып, әр ойыншы алдыңғы ойыншының белінен ұстайды. Бастаушы тізбектің ең басындағы ойыншыға қарап тұрып, оңға, солға ұмтылып, ең соңғы ойыншыны ұстап алуға тырысады.
--	--	--	--	--	--

4 үзіліс

Балалардың дербес іс-әрекеті

Қимылдық – баланың әртүрлі қимыл белсенділігінің түрлері мен мазмұнын тиімді үйлестіру

		Ұмыт бола бастаған ұлттық ойындар: «Әуе таяқ» Ойын мақсаты: балаларды тапқырлыққа, шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Әдістемелік нұсқау: Бұл ойын көгалда немесе жай алаңда 12 адамның қатысуымен өтеді. Ойынға ұзындығы 80 сантиметрден аспайтын, жуандығы 4-5 сантиметр жұмыр таяқ пайдаланылады. Ойыншылар бірнеше жұпқа бөлінеді. Жүргізуші екі адамның әрқайсысына бір-бір таяқтан береді. Олардың біреуі таяғын әуелете лақтырған кезде, екіншісі ұшқан таяқты өз таяғымен ұруы тиіс. Таяқты кімнің лақтыратынын, кімнің оны кездеп ұратынын жеребе бойынша анықтайды. Егер ойыншылар екі топқа бөлінсе, ұшқан таяққа көбірек тигізген топ жеңген болып есептеледі. Сосын келесі кезекте лақтырушылар мен тигізушілер орын. Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта 5 - тен 10 – ға дейін ойыншы. Болады. Екі топқа екі таяқша (жұмсақ) беріледі, жерге түзу сызық сызылады. Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып, екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса, ойынды бастаушы сол болады. Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады. Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да, қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт. Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі.			
Баланың жеке	Сөйлеуді дамыту,	Математика негіздері –	Сөйлеуді дамыту–	Көркем әдебиет -	Қоршаған ортамен

даму картасына сәйкес жеке жұмы	қоршаған ортамен таныстыру - танымдық, коммуникативтік әрекет Көліктер бойынша туралы сурет бойынша өз ойын айытқызу.	коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті 3-ші қатар оқушыларымен 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды үйрету . Дидактикалық ойын: «Санамақ баспалдақ» Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау.	коммуникативтік, танымдық әрекет 1-ші қатар оқушыларымен «Кім болғым келеді?» сурет бойынша әңгіме құрастырту. Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету.	коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); «Суреттерді құрастыр» Мақсаты: Талдау және біріктіру қабілетін, кеңістік ара қатынастарының заңдылықтарын құру, үлгіні көшіру іскерлігін дамыту .	таныстыру – коммуникативтік әрекет (Баланың отбасы және қоғам) Әдепті мен әдепсіз туралы әңгімелесу. 2-ші қатар оқушыларымен сурет бойынша өз ойын айытқызу.
Балаларды үйге қайтару.					
«Сау бол, мектеп!» Ата-аналар мен әңгімелесу. Балаларды үйге қайтару.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - баланың «социалдық көкжиегін» кеңейтіңіз, ауладағы өзімен құрдас балалармен көбірек ойнатыңыз, жолдастарына қонаққа барсын, әжесінде қонуға қалсын т.с.с. Осындай тәжірибе жинақтаған бала өз құрдастары мен үлкендер арасында тез үйренісіп, тіл табысатын болады.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Ешқашан балаға қол жұмсамаңыз. Қиын жағдайда үнемі бірге болыңыздар	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замансыз, белдеушесіз.	<i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.

Мектепалды 0 «А» сыныбының тәрбиешісі: *Қапашова Ж.С.*